



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ӨТІНІШ ДӘЛЕЛ, ДӘЙЕКТІ БОЛСЫН

Кейінгі кезде облыс әкімінің қоғамдық қабылдауына кірген кейбір тұрғын жөнді-жөңсіз талап қоя беруді өзіне мақсат қылып алғандай көрінеді. Бірі дәлел-дәйексіз, енді бірі аудан деңгейінде, заң аясында шешілетін мәселені көтереді. Сұрау деген осы екен деп сауалдың астына алатындар да бар. Мәселен бүгінгі қабылдауға кірген екі-ақ адамның өзі оннан астам сұрақ қойып, 1 сағаттан артық отырды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Қоғамдық қабылдауға кірген Малайсары ауылының тұрғыны көпбалалы ана Күнсұлу Мүлкбаева заңсыз жұмыстан шығарылғанын және 2-сынып оқитын қызына мектепте қысым көрсетілетінін айтты. Аймақ басшысы бұл мәселе бойынша қызға қысым көрсетілгені дәлелденсе, қатаң жаза қолданылатынын, жұмыстан заңсыз шығару жайы тек сот арқылы шешілетінін айтты. Сондай ақ жауапты қызметкерлерге тұрғынның мәселесін жіті бақылауға алуды тапсырды.

Қабылдауға екінші болып кірген Алматы қаласының тұрғыны Жамила Бурабаева өзінің Панфилов ауданында туғанын айтып, бірнеше сұрақ қойды. Алдымен Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығына орай Ақжазық ауылында туған Л. Асановаға арнайы тактайша орнатылу керектігін жеткізді. Бұл жөнінде облыс әкімі: – 2022 жылы Ақжазық ауылының кіреберісіне демеушілер есебінен арка, арканың оң жағында Л. Асанованың, сол жағында жазушы Б.Нұржекеевтің суреттері, жазулары бар тактайшалар орналастырылған. 2008 жылы Жаркент қаласының

орталық алаңында Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асановаға ескерткіш орнатылды. 1996 жылы Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына орай Ақжазық ауылы Жамбыл атындағы орта мектепте «Желтоқсан жұлдызы Ләззат Асанова» мұражайы ашылып, өзі оқыған сынып осы тақырыпта безендірілген. Аудан бойынша 6 көшеге Л. Асанованың есімі берілген, – дей келе қосымша тағы ескерткіш-такта орнатуды аудан жұртшылығы мен әкімі шешетінін айтты. Осыдан кейін өтініш иесі аты-жөні белгісіз әр аудан тұрғындарының арыз-шағымын жеткізді. Тіпті жиын соңында Кербұлақ ауданының зауытында өзекті мәселе барын тілге тиек етті. Әкімнің: «Қандай мәселе?» деген сауалына «Жазып алмадым, бірақ тексеру керек» деп жауап қатты. Әр тұрғын қоғамдық қабылдауға кіріп, осылай сұрақ қоя берсе не болмақ?

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРБИКЕЛЕР КҮНІ

Мейірбикелер күні медицина тарихында із қалдырған Флоренс Найтингейлдің құрметіне аталып өтеді. Ол науқастарға күтім жасаудың жаңа жолын қалыптастырып, мейірбикелік істің негізін қалаған тұлға. Осы ретте Талдықорғанда Халықаралық медбикелер күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Кәсіби мерекеледе жетісулық фельдшер-акушер және өзге де медицина қызметкерлері ерен еңбегі мен мамандығына деген адалдығы үшін Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттармен марапатталды.

МЕЙІРІМДІ ЖАҢДАР МЕРЕКЕСІ



12 мамыр Халықаралық Мейіргер

Медет ЖҰМАБАЙ

Денсаулық сақтау саласындағы орта буын қызметкерлері – медицинаның жүрегіне айналған. Олардың төл мерекесінде облыстағы дәстүрлі байқаулар Биыл да жалғасын тапты. Онда Мадина Найзабекова «Үздік акушер», Раушан Қазиева «Стационардың үздік медбикесі», Арай Ахметова «Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымының үздік медбикесі» және Азамат Құрамысов «Үздік фельдшер» номинациясын иеленіп, жеңімпаз атанды. – Мен 16 жылдан бері «Жедел жәрдем» фельдшері болып қызмет істеп келемін. Жұмыс оңай емес. Түрлі оқиғаларға тап болып жатамыз. Адам жанының арашашысы болу әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан да әріптестерімнің барлығы

марапатқа лайық деп есептеймін. Жұмыстарына табыс тілеймін, – дейді «Жедел жәрдем» фельдшері Азамат Құрамысов. Мерекелік жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов медицина қызметкерлерін мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін арнады. Медбикелердің кәсіби мерекесінде Жетісу өңірінің 5 медицина қызметкері ҚР Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамотасымен, тағы бесеуі Алғыс хатпен марапатталды. Медбикелер – медицинаның негізгі күші, дәрігердің сенімді серігі. Бүгінде елімізде 200 мыңға жуық орта буын медицина қызметкері бар. Оның 80 пайызы мейіргер болып жұмыс істейді. Ал ауылдық жерлерде шамамен 55 мың маман еңбек етуде.

МАЛ ТӨЛДЕТУ

Атакәсіпті тұрмысына арқау еткен шаруаның қазіргі тіршілігі қауырт. Мал буазын аман-есен төлдетіп, қозы-лағын, құлын-бұзауын қатарға қосу үшін түн ұйқыны ұмытқан да аз емес. Өйткені, қорада азын-аулақ тұяқты ұстағандардан гөрі отар-отар, табын-табын, үйір-үйір төрт түлік баққандар қораны аңдиды. Негізі мал төлдету – жауапты кезең. Мұндай қауырт тіршілікті Алакөл ауданына қарасты Еңбекші ауылдық округіндегі «Ақтоған» шаруа қожалығы өткеруде. Жанат Сүйірбаевтың төрт түлігі 90 пайызға жуық төлдеді. Дәйтұрғанмен, әлі де алаңдаулы сәттер бар.

ТӨРТ ТҮЛІКТЕН ТАБЫС ТАПҚАН

Дастанбек САДЫҚ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

2005 жылы құрылған шаруашылық қазір 650 бас қой (саулығы 300 бас), 249 бас жылқы және 60 бастан астам мүйізді ірі кара өсіреді. Оған жуырда сатып алынған 4-5 түйені қосыңыз. «Еңбек түбі – береке» деген осы болар, шаруашылық құрылғанда Жәкеңнің қолында бар-жоғы 25 сиыр болыпты. Шаруасы шалқыған малшы ауылда «кой қоздап, қорада шу». – Биыл сәтті жыл болып тұр. 300 саулықтан 350 қозы алдық. Әлі де буаз «қоңырлар» бар. Жылдың сәттілігі сол қой егіздетуде. Санын айтқанда, шаруаның байлығын санамалай жөнелеміз ғой. Осынша төл алу үшін біршама тер төгтік. Қой іш тастамау үшін қыраулы күндері төрт түлікті тысқа шығармаймыз. Мал ауруының да алдын алып отырамыз. Еңбекші ауылының мал дәрігері «қолдағы

байлықтың» амандығын біліп, жиі соғып тұрады. Ауырған малға дереу ем-домын жасайды. Мал төлдету уақытында шығынсыз болу үшін төрт түліктің күйлі болғаны да маңызды рөл ойнайды. Қойды жайылымға жайып келуден бөлек, қорада жем-шөбін тұрақты беріп тұру керек. Қой төлін қатарға қосуда күйектің рөлі зор. Қыс қаңары қайтпай төлдемес үшін қошқарларға күйек кигіземіз, – дейді Жанат Сүйірбаев. Шаруа қожалық иесі қазір ауылдың 2 адамын жұмыспен қамтып отыр. Ерлі-зайыпты екеуіне тұрақты жалақы төлейді. Бір қызығы, шаруа қожалық иесі «мал иесімін, жалақы төлеп отырмын» деп еңбектен қашпайды. Шопанмен бірге мал қайырып, жемшөбін қамдасып жүреді. Тіпті, үйіне барып тынығудың орнына тұрақты малшы ауылды паналайды. Өзінің айтуынша, «мал баққанға бітеді» екен, бақтырғанға емес.

Жанат Сүйірбаевтың 3 баласы бар. Екі қызы тұрмыста, жалғыз ұлы мал азығын қамдауға ерте көктемнен кірісіпті. Жылдағы әдеті бойынша ұлы Манат Төребеков 190 гектар суармалы егістікке бидай мен жоңышқа егіп, оны күтіп баптайды. Шаруашылық меншігіндегі 3 тракторға күз түскенше тыным жоқ. Өйткені өткен қыста мұндағы төрт түлік 650 орама (рулон) шөп, тонналаған бидайды азық еткен. Биыл мал азығын одан көп жинауы тиіс. Себебі, мал басы көбейген. Айтпақшы, күзгі жиын-терін уақытында комбайн жалдайды екен. Шаруашылық иесі бірер жыл көлемінде комбайн сатып алуды жоспарлап жүргенін жеткізді. Қазір шаруа қожалық түйе, жылқы сүтін кәсібіне арқау етуді көздеуде. Ел ішінде шұбат пен қымызға сұраныс жоғары. Сиыр сүті де пайдаға асып тұр. Түйе шудасын да қажетке орай пайдалануда. Есесіне, қой жүнін

далаға тастауға мәжбүр. Жанат Сүйірбаев осыған қыжылдатынын жеткізді. Қазір «Ақтоған» шаруа қожалығы қойдың жабағысын қыркуға дайындалуда. Тонналаған жүннің қадесіз далаға тасталып, болмаса өртелуі шынында жан ауыртады. Айтпақшы, шаруашылық басшысы бұрын төрт түлікті өрістен тікелей сатып жүргенін, енді мал етін өңдеудің жолын қарастырып жүргенін де жасырмады. Қыркымнан соң мұндағылар Алакөл ауданына қарасты Жабық деген жерге көш бастайды. Малшы ауылдан 7-8 күндік жерге жету үшін де малдың саулығы керек. Шаруа қожалық иесі немерелерінің де осындай сәтте қасынан табылатынын айтып бір серпілді. Өйтпесе, қазіргі жастар қой бақпақ түгілі аула сыпыруға мұрын шүйіреді емес пе?! Жанат Сүйірбаев балаларды ерте бастан атакәсіпке баулу керектігін, оны мәжбүрлеп емес, еліту, елкірту арқылы жүзеге асыру

қажетін жеткізді. Осы әдіспен 2 немересін қасынан тастамайды екен. Атқа мінгізеді, көкпар тартқызады. Салаға қызықтырады. – Көп жұрт жастарды кінәлайды. Ауылшаруашылығына келмейді, төрт түлікке қыры жоқ деген айып тағады. Көп жағдайда кінәлі аға буын. Біз оларды қызықтыруымыз керек. Мал өсіруге, егін егуге бағдарлауымыз қажет. Қазір балам мен немерелерім қасыннан қалмайды. Кейде көп шаруаны өздері еңсереді, – дейді шаруа қожалық иесі. Еңбекші ауылы төрт түліктен ырысы тасыған елді мекен. Мұнда 6500 бас қой, 3000-ға жуық мүйізді ірі кара, 2800-ден астам Қамбар ата тұқымы бар. Ауылдық округтің ауылшаруашылығына жауапты маман Жанат Оразбақов биыл мал төлдету маусымы ойдағыдай жүзеге асып жатқанын алға тартты. Алакөл ауданы

ЖАЙДАРМАН

Жүзу бассейні АШЫЛДЫ

Бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөліп отырған аймақтың бірі – Панфилов ауданы. Демеушілермен тығыз байланыс орнатқан аудан басшылығы тұрғындардың спортпен еркін айналысуына жағдай жасап келеді. Жақында Жаркент қаласында жабық жүзу бассейні ел игілігіне берілді. «Самат» жүзу орталығы» деп аталатын жаңа нысанды кәсіпкер Абай Жұрқабеков өз қаржысына салдырған.

Жаркенттегі жүзу орталығының ашылу салтанатына ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Ержан Еркінбаев, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ұлан Рысқұл, аудан әкімі Марат Сағымбек және өңірдің спортсүйер қауымы қатысты. Салтанатты шарада сөз алған аудан әкімі Марат Сағымбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес спорт кешендері кейінгі жылдары Атамекен, Үлкеншыған, Ушарал

ауылдары мен Жаркент қаласында пайдалануға берілгенін атап өтті. Жалпы көлемі 2 мың шаршы метрге тең жүзу орталығында 40 адам жұмыс істейді. Олардың жетеуі жаттықтырушы, екеуі құтқарушы болса, мүмкіндігі шектеулі жеткіншектерге медициналық көмек көрсететін мамандар арнайы дайындық курсынан өткен. Орталық 3 жасқа дейінгі, орта жастағы балалар және ересектерге арналған жүзу бассейндерін қамтыған 3 бөліктен тұрады. Күніне 70 адамды қабылдайтын жүзу орталығында мүмкіндігі шектеулі балалардың

қозғалыс қимылдарын жаттықтыратын мүмкіндіктер қарастырылған. Ақылы қызмет көрсететін орталықта әлеуметтік әлсіз топқа жататын отбасының мүшелеріне жеңілдік беріледі.

– Жазиралы Жаркент өңірінде ел спортына өлшеусіз үлес қосқан дәулеткер спортшы көп. Осы дәстүр жалғасуы керек. Келешекте балаларымыз биіктерді бағындыру үшін барлық талапқа сай, ыңғайлы әрі қолайлы жүзу орталығын салуды жөн көрдік, – дейді жабық орталықты салған кәсіпкер Абай Жұрқабеков.

– Келушілерге қолайлы болу үшін 30 адамға арналған кафетерий, киінетін орын, техникалық қауіпсіздік құралдары қарастырылған. Бұдан басқа, біз тірек-қимыл мүшелерінде ақауы бар балаларға қызмет көрсетуді жоспарлап отырмыз. Жаттығышыларға қызмет көрсету ақылы. Алайда әлеуметтік әлсіз топқа жататын отбасының балаларына жеңілдіктер бар, – дейді орталық директоры Қуаныш Абай.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ
Панфилов ауданы



Көлтабан ауылында жаңадан 120 орынды мектеп салынып жатыр. Мұның алдындағы білім шаңырағы 1978 жылы тұрғызылған еді. Содан бері ескі мектеп жамап-жасқалып келді. Көне оқу орны заман талабына сай емес, жиынжай, асхана, спорт зал жоқ. Балалар сыймағандықтан екі ауысыммен оқитын.


Гүлжан ТҮРСЫН

Мектеп ұжымы осы күнге дейін шағын мектепті барынша күтіп, айналасын көгалдандырып, гүлдендіріп ұстады. Ауылда алғашқы білім шаңырағын ашқан Сансызбай Жетпісбаев ұстазға сыйнып ашылды. Ол кабинетке мектептің тарихынан сыр шертетін жәдігерлер қойылды. Мектеп ұстаздары әртүрлі ізгі шараларды қолға алып, балалардың зейінін ашуға барын салып келеді. Мектеп директоры Жамбы Біржанова бірнеше жыл осы ауылға жана мектеп салу керігін айтып, ұсыныс жасаған. Шешімі бытыр табылып, Көлтабан үшін ақ түйенін қарны жарылған жыл болды. Жаңа мектепте 25 орынға арналған шағын орталық та жұмыс істейді. Құрылысты «СП НЕФТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізіп жатыр. Бүгінде мектептің қабырғасы қаланып, жал-

пы жұмыстың 60 пайызы атқарылған. Мұнда 40 шақты адам жұмыс істеуде. Мектеп директоры Жамбы Құдайбергекқызы құрылыстың сапалы жүргізілуін қадағалап, өзі басы-қасында жүреді. Ауыл тұрғыны, құрылысшы, Кенжебек Омаров та әр кірпіштің дұрыс қалануын қадағалауда. Жоспар бойынша жұмыс қазан айының басында аяқталуы тиіс. Серіктестік бригадирі Сәкен Сәбитов жұмыс ғимараты 1 қыркүйекте пайдалануға берілетінін айтты. Быылға дейін Көлтабанда орталау мектеп болған. Жақында облыс басшысы Бейбіт Исабаев арнайы барып көріп, оқу бағдарламасын 11 жылдыққа алмастырып, оқу ордасын орта мектепке ауыстыру жайлы тапсырма берді. Себебі, 9-сыныптан кейін ауыл балалары 10-11-сыныпты оқу үшін ата-аналарынан алшақтап, жан-жаққа кететін. Осындай жағдайға байланысты балалардың көбі басқа жақта оқып жатыр. Бұл да ауыл халқы үшін өзекті

мәселе. Аймақ басшысының бұл сөзі көлтабандықтарды қатты қуантты. Көлтабан тоғыз жолдың торабындағы ауыл. Болашақта Балқаш көлінің инфрақұрылымы жақсарып қызмет көрсету аясы кеңейіп, туризм дамыған кезде жол үстіндегі Көлтабан да өркендейтіні сөзсіз. Жазда елді мекен тұрғындары қарбыз-қауын өсіріп, көлге демалуға бара жатқандарға сатып нәпақасын табуда. Көкөніс күндіз-түні өтеді. Балғын, дәмді өнімді алушылар қатары жыл санап өсіп келеді. Болашағы жарқын жана мектептің іші балаға толатынына сенім мол. Біраз жылда ауылға көшіп келушілер қатары өсетіні де сөзсіз. **Бүгінде құрылысшылар ғимаратпен қатар ауылдағы футбол, волейбол алаңдарын да бір мезгілде жасап жатыр. Бір айта кетерлігі, үш қабатты мектепте лифті де жұмыс істейтін болады.**

Көлтабан ауылы, Ақсу ауданы



БРИФИНГ

ҚАТЕРЛІ ІСІК вакциналаумен жойылады



Елімізде жыл сайын жатыр мойны обырына шпалдыққан 2000-ға жуық науқас тіркеледі. Олардың орта есеппен 600-ге жуығы осы қауіпті дерттен көз жұмады. Қатерлі ісіктің алдын алу мақсатында елімізде былтырдан бастап 11 жастағы қыз балаларға вакцина салынууда. Адам папилломавирусына қарсы вакциналау қатерлі ісіктің осы түрінің даму қаупін айтарлықтай төмендетуі мүмкін, бірақ дерттің алдын алу туралы көпшілік әлі де хабарсыз.

Медет ЖҰМАБАЙ

Осы уақытқа дейін облыста 5 мыңға жуық оқушы қыз адам папилломавирусына қарсы екпе алған. Өңірде жас буын арасында АИТВ алдын алу, жасөспірімдердің жыныстық қатынасқа ерте түсу салдары, жыныстық инфекцияны жұқтыру және оның алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Елімізде репродуктивті денсаулық апталығы басталды. Шара 16 мамырға дейін жалғасады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жанета Нұрманбетованың айтуынша, облыста оқушылармен кездесу ұйымдастырылып, кеңінен ақпарат беріледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев репродуктивті денсаулық мәселесіне айрықша мән беріп, отбасы институтын нығайтуға бағытталған бастамаларды жүзегі түрде қолдап келеді. Соның жарқын дәлелі ретінде Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Аңсаған сәби» бағдарламасын атап өтуге болады. Бұл бағдарлама репродуктивті денсаулық саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл бастаманың негізгі ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия. Бүгінде бұл мәселелерді ашық, ғылыми негізде және кәсіби дәлелдермен талқылау бұрынғыдан да маңызды. Өткен жылғы тәжірибе бұл бастаманың қоғам үшін өзекті әрі қажетті екенін көрсетті. Сондықтан біз апталықты жыл сайын өткізу туралы шешім қабылдадық, – дейді Жанета Нұрманбетова.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Облыста жарық бағасы тағы да өзгермек. 2025 жылдың 1 маусымынан бастап тұрғындар электр қуаты үшін жаңа, жоғары тарифпен төлем жасайды. Бұл туралы Ардагерлер үйінде өткен жария тыңдау барысында айтылды.

Санжар СҮЛТАНҒАЗЫ

Шараны ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облыстық департаменті ұйымдастырды. Жиында «Талдықорған акционерлік электр жүйелерінің тасымалдау компаниясы» АҚ-ның «Электр қуатын жабдықтау және сату» филиалы ұсынып отырған жаңа шекті баға жобасы қаралды. Компания ұсынған мәліметке

ЭЛЕКТР ҚУАТЫ қымбаттайды



сүйенсек, маусым айынан бастап 1 киловатт-сағат электр энергиясының орташа босату бағасы 36,16 тенгені құрайды (қосымша

күн салығын есептемегенде). Бұл бұрынғы бағамен салыстырғанда едәуір қымбат. Мамандардың айтуынша, баға-

ның өсуі кездейсоқ емес. Өйткені, электр жеткізу желілерінің қызметі қымбаттаған. Өңірлік және өңіраралық желілік ұйымдардың тарифі биыл 33,4 пайызға артқан.

Тарифтің көтерілуі – амалсыз шешім екенін айтады мамандар. Егер тариф өспесе желілерді жаңарту, апаттық жағдайлардың алдын алу, үздіксіз жарықпен қамту мүмкін болмай қалуы ықтимал.


– Электр жүйесі өздігінен жұмыс істейтін қарапайым механизм емес. Оны ұдайы жаңартып, жетілдіріп отырмаса, ертең жарықсыз қалу қаупі бар. Ал тариф сол тұрақтылықтың кепілі, – дейді Табиғи монополияларды реттеу комитеті Жетісу облыстық департаментінің басшысы Думан Қалибеков.

Жиында қоғамдық ұйымдар мен тұтынушылар да пікір білдіріп, ұсыныстарын айтты. Енді соңғы шешім уәкілетті органдардың қолында.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Сегіз қырлы, бір сырлы

Сарқан қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер Дархан Қожаназаров өз қаражаты есебінен термопанель жасайтын шағын цех ашып, кәсібін дөңгелентіп отыр. Ол мұндай кәсіп түрін әлеуметтік желіден көріп, қызығушылығы ояңған. Дарханның негізгі мамандығы автослесарь.



– Мен 15 жыл автоэлектрик болып жұмыс істеп келемін. 2023 жылдың басында термопанель өндірісімен айналысу туралы ой келді. Бытырдан бастап кәсібімді бастадым. Термопанель Текеліден шығатын мәрмәр тастан жасалады. Көмекшім бауырым Абылайхан. Мәрмәр ұнтағын Текеліден, желім мен тағы басқа да қоспаларды Алматыдан алдырамыз, – дейді Дархан Қазбекұлы.

Дархан кәсіп бастағанда цехты жалға алып жұмыс істеген. Енді үйінің маңынан ыңғайлы орын ашу жоспарында тұр. Көбінесе тапсырыс әлеуметтік желіден түседі. Термопанельдің бағасы пенопластың қалыңдығына байланысты. Бояуының оңып кетпеуіне 10-15 жыл кепілдік беріледі.

Жақсылық ЖОМАРТУЛЫ
Сарқан ауданы

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Сот орындаушысы мемлекеттік және жеке болып екіге бөлінеді. Десе де екеуінің құқықтары бірдей. Екеуі де сот актілерін орындайды және заңды тұлғаның пайдасына жұмыс істейді.

Қатаң талап қойылады

Жеке сот орындаушыларға қойылатын талап жоғары. Алдымен жоғары заңгерлік білімі болуы қажет. Одан бөлек, 25 жасқа толған. «Жеке сот орындаушысы» деген лицензиясы болуы тиіс. Жеке сот орындаушысы болуға ниет еткен азамат қатаң іріктеуден өтеді. Заңнамада жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға рұқсат берілмейтін тұлғалар да бар. Яғни, ҚР Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған, жойылмаған соттылығы бар, өзі борышкер болып табылатын, жеке сот орындаушысының лицензиясынан айырылған адам жеке сот орындаушысы бола алмайды.

Сот шешімін орындау кезінде мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының құзыреті бірдей. Мәселен, ішкі істер органдарының қызметкері борышкердің үйіне прокуратураның рұқсат қағазынсыз кіре алмаса, жеке сот орындаушысы күзлікпен кіре береді. Борышкердің жылжитын, жылжымайтын мүлкін тәркілеуге құқылы. Жылжитын мүлкті сол жерде бағалайды. Жылжымайтын мүлкті бағалау комиссиясына жібереді. Мемлекеттік сот орындаушысы өз қаулысымен мүлкті сол уақытта әкете алады. Ал жеке сот орындаушылар мүлкті әкету үшін қаулы шығарып, оны сотқа жібереді. Бір сөзбен айтқанда жеке сот орындаушысы болу сот шешімінің дер кезінде орындалуына мүмкіндік береді. Халықтың сотқа деген сенімі нығая түседі. Жеке сот орындаушыларының ерекше құзыретіне жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау жатады. Жеке сот орындаушыларына Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасының борышкерден атқарушылық санкциясын өндіріп алу бөлігіндегі ережелері қолданылмайды.

Асхат БАЛТАБАЕВ,
Жетісу облысының сот орындаушысы

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ

КҮРЕНБЕЛДЕГІ келелі істер

Әр бұтағына жыр ұялап, сайынан саз қалықтаған Жетісу жеріндегі аудандардың игілікті істерін ашып көрсетіп, хабар таратар пресс-тур керуенін бұл жолы Кербұлақ ауданына бұрдық. Облыс құрылғалы бері де Күреңбел топырағындағы күрделі мәселелердің түйіні тарқатылып, сан сала бойынша жақсы істер жасалынып жатыр. Бұрыннан жергілікті халықтың жанайқайына айналған ауызсу мәселесі де оңынан шешім тауып, баспана салу, газ тарту, әлеуметтік инфрақұрылым әлеуетін көрсетер бірегей нысандар тұрғызу бағытында да ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс жүргізілуде.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

Ел руханияты мен тарихына талай тұлғасын қосқан киелі Кербұлақ өңіріндегі сапарды Сарыөзек ауылындағы емханадан бастадық.

Быттыр жыл аяғында ел игілігіне берілген емхана тәулігіне 250 адамды қабылдауға қауқарлы. Аудан орталығында еңсеген нысанды «AK Construction Company» ЖШС салған. Ғимараттың пайдалы ауданы 5 мың 845 шаршыметр.

– Денсаулық сақтау саласына соңғы жылдары айрықша көңіл бөлінуде. Соның айғағы ретінде біздің емхананы атауға негіз бар. Мұнда адам денесін кеспей-ақ кішкене саңылау арқылы ота жасайтын мүмкіндік сыйлаған лапароскопиялық аппараттан тартып, компьютерлік томография, рентген, маммография аппараттары секілді заманауи медицинаға қажетті барлық құрал-жабдық бар. Бұрынғыдай науқастар облыс орталығы мен ірі қалаларға жүгірмейді, – дейді аудандық аурухананың бас дәрігері Қанатбек Абдрахманов.

Расында жайлы да кең, заманауи үлгіде салынған емхана дертіне ем іздеген елдің жанына сая болар мекемеге айналған. Кісі аяғы үзілмейтін медициналық орталықта білікті 59 дәрігер жұмыс істейді. Бұл тұрғыда жас мамандар мен тәжірибелі мамандарды тарту мақсатында да айрықша қамқорлық барын айтқан аудандық аурухананың бас дәрігері: «Облыс әкімінің қолдауымен соңғы 2 жылда жаңадан келген дәрігерлерге көтермеақы (10 млн. теңге) төлеу қолға алынды. Бұл ел көлемінде болмаған жағдай деп ашық айта аламын. Көтермеақыны быттыр бір дәрігеріміз алды», – деп атап өтті.

Айта кетерлігі, киелі Күреңбел өңірі бойынша денсаулық сақтау саласында 49 нысан жұмыс істейді. Оның ішінде 1 орталық аурухана, 2 ауылдық емхана, 15 дәрігерлік амбулатория, 31 медициналық пункт бар. Өткен жылдың шілдесінде айында ауданға 3 «Жедел жәрдем» көлігі берілген. Оған қоса, 2024 жылы аудан бойынша 8 блокты-модульді медициналық пункт Рудник-Арқарлы, Жоламан, Қарлығаш, Қазансу, Оңжас, Қызылмектеп, Тастыбастау және Көксай ауылдарында орнатылған.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Күреңбел топырағында 6 дәрігерлік амбулатория, 8 фельдшерлік-акушерлік, 3 медициналық пункттің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, 3 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы биыл басталған. Оның екеуі «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша Шанханай және Талдыбұлақ ауылдарында бой көтеріп жатса, жергілікті бюджет қаражатынан Көксу ауылында дәрігерлік амбулатория салынады.

ТІРШІЛІК КӨЗІ

Сарыөзек ауылы тұрғындарының сан жылдан бергі жанайқайына тақырып болған ауызсу мәселесі де біртіндеп шешіліп келеді. Десе де атқарылар істің ауқымы кең. Қомақты қаржы керек. Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов осылай дейді.



Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Иә, сапарды Сарыөзек ауылының солтүстік-шығысы мен Сарыөзек – Жаркент тасжолының бойында жүргізіліп жатқан ауызсу құбырларын тарту жұмысын бақылаумен сабақтадық. Мұнда тозығы жеткен құбырлар алынып, жаңа су жүйесі орнатылып жатыр. Бұл ретте былтырдан бері жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде Сарыөзек ауылындағы 15100 адам толыққанды ауызсумен қамтылған.

– Аудан орталығындағы қордаланып қалған мәселе – ауызсу десек, бұл бағытта былтыр мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, жұмысты бастап кеткен едік. Қазіргі таңда 178,6 шақырым сумен жабдықтау жүйесінің 20 шақырымы ауыстырылды. Тек проблемалық учаскелерді жасап қойдық, соның арқасында аудан орталығындағы тұрғындарға үздіксіз су берілуде. Дегенмен, бұл толыққанды шешілген мәселе емес. Жобаның құны 4,5 млрд. теңге. Бүгінге дейін бөлінген қаражаттың жалпы сомасы 1,2 млрд. теңге десек, бізге Сарыөзектегі су мәселесін толыққанды шешуге 3,3 млрд. теңге қажет, – дейді аудан басшысы Қанат Болатұлы.

Айта кетерлігі, Сарыөзек ауылындағы су жүйелерін жаңғырту жұмыстарын жүргізу бойынша 9 бригада жұмылдырылған. Бұл ретте Ақбастау мен Тастыөзек ауылындағы су жүйелерін жаңғыртуға да республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, жұмысы басталған. Аудан басшысының айтуынша, қос ауылдағы ауызсу мәселесін шешуге

БАСПАНА – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету өзекті мәселенің бірі десек, бүгінде Кербұлақ ауданы бойынша баспана кезегінде тұрған азаматтардың саны 1466 адамды құрайды. Десе де жыл сайынғы салынып жатқан тұрғын үйлердің ел игілігіне берілуіне байланысты кезектегі жандардың саны азаюда. Баспана бақытына бөленгендердің қатарына қосылар жандар үшін бірқатар үй бой көтеруде.

Сарыөзек ауылында салынып жатқан тұрғын үйлер мен жаңа шағынаудандағы құрылыс жұмыстарын көріп қайттық. Облыс құрылғалы бері аудан бойынша 260 отбасы пәтерлі болған. Биыл да бұл бағытта жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бірқатар адам пәтер иесі атанбақ. Нақтырақ айтсақ, жыл соңына дейін 120 пәтер тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтарға, 210 үй әлеуметтік жағынан осал топтарға, 60 кредитті үй қолданысқа берілмек. Сонда жалпы жыл соңына дейін 345 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Сапар барысында арнайы аудан орталығындағы әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға салынып жатқан 60 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмысымен таныстық. Кербұлақ ауданының құрылыс сәулет және қалақұрылыс бөлімінің басшысы Бақытгелді Қабидолданың айтуынша, бұл тұрғын үй «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландыруымен салынып жатыр. Бүгінде құрылыс жұмысы толығымен аяқталып, әрлеу, абаттандыру ғана қалған. 75 шебер, 1 учаске басшысы, 1 прораб, 2 техника жұмыс істеп жатқан нысан шілде айында толыққанды бітіп, ел игілігіне берілмек.

Айта кетерлігі, аудан бойынша 135 жеке тұрғын үйді сатып алу бойынша серіктестіктермен келісімшарт жасалынған. Бұл бағытта Жоламан, Қарашоқы, Қарағаш, Қызылжар, Көксай, Шанханай, Қоғалы, Төстөзек, Талдыбұлақ, Шұбар ауылдары бойынша тұрғын үй сатып алу мәселесі жолға қойылған. Құны 1 млрд. 695 мың теңгені құрайтын келісімшарт бойынша құрылыс қыркүйек айының соңына дейін аяқталады деп көзделуде.

ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Облыс құрылғалы бері заманауи түрге еніп, бір ауданның мәдени ордасына айналған мекеніміз бірі – Қоғалы ауылдық Мәдениет үйі. Сонау өткен ғасырдың 70-ші жылдары бой көтеріп, содан бері бірде-бір рет жөндеу көрмей келген мәдени ошақтың тозығы жеткен болатын. Жетісу облысы құрылғаннан кейін алып ғимаратқа күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

Быттыр Конституция күнінде күрделі жөндеу жұмысынан кейін ашылған Мәдениет үйінің алдында: «Мәдениет – ұлттың мәйегі, рухани қайнар көзі ғана емес, негізгі саланың бірі. Біз бұл саланы жаңғырту арқылы елдің рухын, өткені мен бүгінін жаңғыртамыз, ұлы мұраларды қалыптастырып, дүниелерді ұрпаққа мирас ететіміз. Көптен бері тұрақтап, бүгін күрделі жөндеуден кейін әсем келбетімен өздеріңізге есігін айқара ашқалы тұрған Мәдениет үйінің қуанышы баршамыздың игілігіміз деп білеміз», – деп аудан әкімі Қанат Есболатовтың тебіренгені әлі есімізде. Содан бері мәдени, әдеби шаралардың қыз-қыз қайнаған ошағына айналған бұл жерде Кеңес Дүйсекеев дирижерлығымен дауылпаз күйшілер мен оркестрлер, Бикен Римова атындағы драма театр өнерпаздары, Нұрғали Нүсіпжанов бастаған жезандай әншілер өнер көрсетіп, күреңбелдіктердің көз қуанышына айналып үлгерген екен.

Бүгінде мұнда жекеледі ансамбльдер, 40 мыңнан астам кітап қоры бар кітапхана, үйірмелер жұмыс істеп тұр. Бұл орайда ауылдың ардақты азаматы Серік Түрбековтың айтуынша, Мәдениет үйі өнерді өрістетер жас таланттарға тәлім беретін, елдің рухын жанытын жерге айналған. «Жігіт сұлтаны», «Келіндер сыны» секілді – байқауларда жүйелі өтіп, мерекелік шаралар ұйымдастырылуда.

КӨГІЛДІР ОТЫН – КӨПТІҢ ҚУАНЫШЫ

Жетісу облысы бойынша көгілдір отын көптің қуанышына айналды. Бұл ретте Сарыөзек ауылына тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету үшін газ құбырлары тартылған. 3102 үйдің газ қосу мүмкіндігі бар. 1100 тұрғын және көпқабатты үй газға қосылып, 999 тұрғын үйге көгілдір отын игілігін көруге техникалық шарт белгіленген.

Ауданның тыныс-тіршілігімен танысқан пресс-тур барысында Сарыөзек ауылы тұрғындарының 41,3%-ы газға қосылғанын білдік. Бұл орайда, Кербұлақ ауданы ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлім басшысының орынбасары Айгүл Мүстекбаева:

– Кербұлақ ауданында жалпы 63 елді мекен бар десек, оның ішінде 26 ауылға газ тарту жұмысы жүргізілуде. 7 елді мекен бойынша жобалау-сметалық құжат әзірленуде. Бұл орайда 2024 жылы 18 ауыл газға қосылды, – дейді.

Жаңа шағынаудандарда үйлердің бой көтеруіне байланысты Сарыөзек ауылындағы жоғарыда атап өткен 3102 үйді қамтамасыз ету көлемі ұлғаюы мүмкін. Десе де аудан орталығын газбен қамтамасыз ету жұмысы 2027 жылы толығымен аяқталады деп күтілуде.

Аудан әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, Қазансу, Майтөбе, Көксай, Алтынемел, Ақбастау, Доланалы, Жайнақ батыр, Тастыөзек, Шилісу, Қызылмектеп, Сайлықөл, Қарымсақ, Тастыбастау, Жоламан, Қызылжар, Шокан, Қоянқөз, Қоғалы сынды 18 елді мекен бойынша газ құбыры мен желілерінің құрылыс-монтаж жұмысы жүргізілуде. Ал Байғазы, Шаған, Қаспан, Жаңалық, Қайнарлы, Қарағаш, Көкбастау елді мекендері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары маусым айында аяқталады деп жоспарлануда. Нәтижесінде 2025 жылдың соңына қарай ауданның газдандыруға жататын барлық 26 елді мекені (30 781 адам) табиғи газға қол жеткізе алады.

Қоғалылықтардың қуанышына айналған Мәдениет үйінің жалпы ауданы 1117,6 шаршыметрді құрайды. Ғимарат 1 қабатты, 250 орынды. Мұнда одан бөлек 13 бөлме орналасқан. Мәдениет үйінде 7 үйірме жұмыс істеп тұр. Айта кетерлігі, мұнда директор, музыка жетекшісі, әдіскер, режиссер секілді мамандықтар бойынша 13 адам еңбек етуде. 13 штат бірлігімен жұмыс істейді.

Кербұлақ ауданы





АҚТӨБЕ ауылындағы КӨПІРДІҢ ЗАРЫ

Салынғанына 60 жылға жуық уақыт болып, әбден тозығы жеткен бұл көпірді жергілікті жұртың «Қияметтің көпірі» деп атайтынын бұдан бұрын да, нақтырақ айтатын болсақ, осыдан дәл екі жыл бұрын жазған болатынбыз. «Жетісу облысы Ақтөбеге неге суық қарап отыр?» деген тақырыппен берілген бұл мақалаға Ақсу ауданының әкімдігі тұшымды жауап бере қоймады. Яғни «баяғы жартас сол жартас...» күйінде қалды. Соған күйінген «көпірдің зарын» белгілі ақын Қорғанбек АМАНЖОЛ өлең формасына түсірген екен. Идея авторы Ақтөбе ауылының тумасы Жұмағали Кебекбаев екенін де ескерте кетейік.

«Жазған құлда шаршау жоқ...» дегендей, аталмыш көпірдің жанайқайын Ақсу ауданы әкімінің назарына тағы бір ұсынғанды жөн көрдік.

Ақсу өзен үстіндегі көпірмін,
Жапа шегіп, зарлап бүгін өкірдім.
Ақсу аудан әкіміне зарымды
Не де болса айтайын деп бекіндім.

Әлжуаздық аяқ-қолды атады,
Көкейімде көп өкініш жатады.
Мен өмірге келгелі де алпыс жыл,
Ғұмыр-жасым пенсияға тақады.

Осы ғой деп басымдағы бағым да,
Қызмет еттім Ақтөбедей ауылға.
Қия бспай міндетімнен көпірлік,
Төтеп бердім боранға да, дауылға.

Шыдас бердім ұзақ-ұзақ жылдарға,
Төтеп бердім небір ауыр сырдарға.

Езіп-жаншып өтті үстімнен трактор,
Ағып өтті машинадай мұңдар да.

Төтеп бердім ағындаған тасқынға,
Еш құным жоқ, жаттым аяқ астында.
Кейбіреулер ойлайтындай: не болар
дейсің көпір қас албасты басқырға?!

Адамдарды ары-бері өткіздім,
Ақтөбеге не керекті жеткіздім.
Осыншама еңбегім зор болса да,
Ел бетіне қарай алмас бетсізбін.

Алпыс жылда жөндеу көрмей қирадым,
Бел шойрылып, сынды темір сирағым.
Зіл салмақтан қақырады қабырғам,
Өксік басып, өзімді-өзім қинадым.

Содан кейін опырылды омыртқам,
Шалажансар сорлы жүйде зарыққам.
«Жедел жәрдем» жете алмады,
Өте алмады науқасқа,
Осыған мен құсаланып қамыққам.

Қызметіме қалдым сөйтіп жарамай,
Бастық теріс айналады қарамай.
Қапаланып мен зарлаймын, жылаймын,
Анасы емшек бермей қойған баладай.

Айымын тек Ақтөбе – ауыл, елімді,
Мені көрсө жүк машина шегінді.
Қаппен жаяу тасып жатыр адамдар
Арғы бетке төгіп кеткен көмірді.

Неге бұлай мазақ еттік өмірді,
Бұл қорлыққа жеткендей не көрінді?!
Айдың-күннің аманында осындай
Сорақылық жегідей жеп кемірді.

Көпір зарын тыңда, басшы, әкімім,
Халық сенің ең қымбатты жақының.
Жөндеп мені, ал халықтың алғысын,
Осы менің айтар кеңес, ақылым.

Көпірінді қирандыда қор қылма,
Ел-жұртыңа жайсыздықты болдырма.
Мен – көпірмін тіршілікке дәнекер,
Жөндеп мені, жақсылыққа қол бұлға!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тоқан А. Е. 23.05.2025-30.05.2025 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: «Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Шолақай ауылдық округі, Шолақай ауылы, есептік кварталы 68, №773 жер учаскесі, Хоргос-Алматы тас жолының бойында 42 км. мекенжайында орналасқан №2 ЖҚС салу» жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде (ndbecology.gov.kz) өткізіледі.

Ескертулер мен ұсынғыстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz.) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Тоқан А. Е. сообщает о том, что в период с 23.05.2025-30.05.2025 года на информационно-системе (ndbecology.gov.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу «Охраны окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство АЗС №2, расположенной по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, Шолақайский сельский округ, село Шолақай, учетный квартал 68, земельный участок №773, вдоль трассы Хоргос-Алматы 42 км.»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (<https://ndbecology.gov.kz>) для предоставления замечаний и предложений.

Открылось наследство на имущество Джаппуевой Раисы, 01.01.1947 г. р., умершей 26.11. 2024 года. Наследников просим обращаться в нотариальную контору по адресу: г. Талдықорган, ул. Шевченко, 128-17.

Жетісу облысы Полиция департаменті «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Занының 7-бабының 2-тармағына және «Ішкі істер органдарына түсетін үміткерлер үшін бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және оны өту шарттарын, сондай-ақ оларды бастапқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2020 жылғы 13 наурыздағы №211 бұйрығына сәйкес бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу жүргізеді. Ішкі істер органдарының атауы: Жетісу облысы Полиция департаменті мемлекеттік мекемесі, орналасқан жерінің мекенжайы және конкурсна қатысуға құжаттарды қабылдау үшін пошталық мекенжайы: 040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 91/95 үй, кадр қызметінің байланыс телефондары: (7282) 60-88-37, 60-82-82, 60-82-52, 60-82-54. **Негізгі талаптар:** Қазақстан Республикасы азаматтарының Ішкі істер органдарына қызметке орналасуға құқығы бар, Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, жасы 18-ден кем емес, денсаулығы жақсы және дене дайындығы 170 см-ден төмен емес, тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі қалалық, аудандық бөлімдерде есепте тұрған және

саптық қызметке жарамды деп танылған, қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына 35 жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызмет өткерген, орта білімнен төмен емес білімі бар адамдар қабылданады. Орта басшы құрам лауазымдарына жасы 35-тен аспаған (шекті жасқа жеткен кезде ІІМ желісі бойынша оларда зейнетақы құқығы туындаған жағдайда) жоғары білімі бар адамдар қабылданады, сонымен қатар спорттық, жауынгерлік күрес түрлері және атыс бойынша біліктілік разрядтары бар адамдарға: спорт шеберіне, спорт шеберіне кандидаттарға ерекше көңіл бөлінеді. Құжаттарды қабылдау бос лауазымдар тізімдері жарияланған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде күзетге асырылады. **Ішкі істер органдарына қызметке кірген және бастапқы кәсіптік даярлықты аяқтаған азаматтар Ішкі істер органдарында одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не ІІМ білім беру ұйымынан үлгермеуіне немесе тәртіпті бұзуына байланысты және өз қалауы бойынша оқудан шығарылған, сондай-ақ үш жыл ішінде қызметтен босатылған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оған жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті.**

Департамент полиция облысы Жетісу в соответствии с пунктом 2 статьи 7 Закона Республики Казахстан от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе» и приказом МВД Республики Казахстан от 13 марта 2020 года №211 «Об утверждении Правил отбора на первоначальную профессиональную подготовку и условия ее прохождения для лиц, поступающих в органы внутренних дел, а также основания для их отчисления от первоначальной профессиональной подготовки и проведения отбора на первоначальную профессиональную подготовку. Наименование органа внутренних дел: Государственное Учреждение Департамент полиция облысы Жетісу, адрес местонахождения и почтовый адрес для приема документов на участие в конкурсе: 040000, область Жетісу, город Талдықорган, улица Жансүгірова дом 91/95, номера контактных телефонов и факса кадровой службы: (7282) 60-88-37, 60-82-82, 60-82-52, 60-82-54. **Основные требования:** поступать на службу в органы внутренних дел имеют право граждане Республики Казахстан, соответствующие установленным Законом требованиям, возраст не моложе 18 лет, имеющие хорошее состояние здоровья и физическую подготовленность, рост не ниже 170 см., состоящие на учете в городских, районных отделах по делам обороны по месту жительства и признанные

годными к строевой службе. На должности рядового и младшего начальствующего состава принимаются лица в возрасте до 35 лет, прошедшие срочную военную службу, имеющие образование не ниже среднего. На должности среднего начальствующего состава принимаются лица в возрасте не старше 35 лет (при условии возникновения у них права на пенсию по линии МВД при достижении предельного возраста), имеющие высшее образование, наряду с этим, особое внимание уделяется лицам имеющим спортивные, квалификационные разряды по боевым видам борьбы и стрельбе; кандидаты в мастера спорта, мастера спорта. Прием документов осуществляется в течение десяти рабочих дней с момента публикации списков вакантных должностей. **В случае поступления на службу в органы внутренних дел и отказа лица, завершившего первоначальную профессиональную подготовку, от дальнейшего прохождения службы в органах внутренних дел либо отчисления из организации образования МВД в связи с неуспеваемостью или нарушением дисциплины и по собственному желанию, а также увольнения со службы в течение трех лет, он обязан возместить государству бюджетные средства, израсходованные на него в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.**

2025 жылдың 15 мамыр айына Жетісу облысы Полиция департаментінің бос лауазымдар ТІЗІМІ (ІІІ кезең)			
Санаттар	Лауазымдардың атаулары	Біліміне қойылатын талаптар және мамандықтар тізбесі	Кәсіби міндетелеріне қойылатын талаптар (қызмет спецификасын көрсететін)
C-SVO-7	Бас мамандар	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Медицина, қоғамдық денсаулық сақтау, медициналық-профилактикалық іс)	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.
C-SVO-7	Бас маман эпидемиолог-дерігері	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Медицина, қоғамдық денсаулық сақтау, медициналық-профилактикалық іс)	Осы санат бойынша лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет курстарын аяқтағаны туралы сертификаттың болуы.
C-SVR-8	Инспектор-психолог полиграфолог	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Психология, педагогика және психология)	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білім.
C-SVO-7	Бас ревизор	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Экономика, есеп және аудит, ақпараттық жүйелер, қаржы)	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.
C-SVR-4	Учаскелік полиция инспекторы	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Құқықтану)	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен.
C-SVR-8	Инспектор	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Құқықтану, халықаралық құқық, құқық қорғау қызметі)	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.
C-SN-8***	Инспектор	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Құқықтану, халықаралық құқық, құқық қорғау қызметі, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру және спорт, әскери мамандықтар)	Осы санат бойынша лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті білім. Қарулы Күштер қатарында қызмет өткеру немесе Қазақстан Республикасының оқу орындары жанындағы әскери кафедра курстарын аяқтау.
C-SVR-8	Инспектор	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Құқықтану, құқық, Құқық қорғау қызметі, Ақпараттық жүйелер)	Күрес түрлері бойынша немесе ату бойынша спорттық, біліктілік разрядтарының болуы.
C-SVR-8	Инспектор	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім (Құқықтану, құқық, Құқық қорғау қызметі, Ақпараттық жүйелер)	Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.
C-SV-13	Жүргізуші-полицейі	Орта білім	Осы санат бойынша лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету, «В, С, Д» санаты бойынша жүргізуші куәлігінің болуы, жол қозғалысы ережелерін және көлік құралдарын жүргізу дағдыларын білу.
C-SV-12***	Жүргізуші-полицейі	Орта білім	Осы санат бойынша лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету, «В, С, Д» санаты бойынша жүргізуші куәлігінің болуы, жол қозғалысы ережелерін және көлік құралдарын жүргізу дағдыларын білу.

СПИСОК вакантных должностей ДП области Жетісу по состоянию на 15 мая 2025 года (ІІІ этап)				
Категории	Наименование должностей	Требования к образованию и перечень специальностей	Требования к профессиональным характеристикам (отражающим специфику деятельности)	Наименование подразделений ДП
C-SVO-7	Главный специалист-врач	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Медицина, общественное здравоохранение, медико-профилактическое дело)	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории.	Медицинская группа ДП области
C-SVO-7	Главный специалист-врач-эпидемиолог	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Медицина, общественное здравоохранение, медико-профилактическое дело)	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории, наличие сертификата об окончании курсов санитарно-эпидемиологической службы	Медицинская группа ДП области
C-SVR-8	Инспектор-психолог полиграфолог	высшее профессиональное, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Психология, педагогика и психология)	Соответствующие навыки и другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должности данной категории. Сертификат о прохождении обучения на полиграфе.	Батальон патрульной полиции ДП области
C-SVO-7	Главный ревизор	Высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Экономика, учет и аудит, информационные системы, финансы)	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Соответствующие организаторские и управленческие навыки	Группа внутреннего аудита ДП области
C-SVR-4	Участковый инспектор полиции	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Юриспруденция, право, правоохранительная деятельность, международное право, начальная военная подготовка)	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Соответствующие организаторские и управленческие навыки	Отдел (отделения) местной полицейской службы городских и районных подразделений
C-SVR-8	Инспектор	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Юриспруденция, международное право, правоохранительная деятельность, основы права и экономики)	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Соответствующие организаторские и управленческие навыки	Группа миграционной службы городских и районных подразделений
C-SN-8***	Инспектор	высшее образование (Юриспруденция, международное право, правоохранительная деятельность, начальная военная подготовка, физическая культура и спорт, военные специальности)	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Прохождение службы в рядах Вооруженных Сил или окончание курсов Военной кафедры при учебных заведениях Республики Казахстан. Наличие спортивных, квалификационных разрядов по боевым видам борьбы или по стрельбе.	Специальный отряд быстрого реагирования
C-SVR-8	Инспектор	высшее образование, соответствующее функциональным направлениям конкретной должности (Информационные системы, вычислительная техника и программное обеспечение, радиотехника, электроника и телекоммуникации, системы информационной безопасности).	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Соответствующие организаторские и управленческие навыки	Группа информатизации и связи (г. Текели, РОП Каратал)
C-SV-13	Полицейский-водитель	Среднее образование	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Служба в рядах Вооруженных Сил, наличие водительского удостоверения по категории «В, С, Д», знание правил дорожного движения и навыков вождения транспортных средств.	Автохозяйство Группа тылового обеспечения
C-SV-12***	Полицейский-водитель	Среднее образование	Знания, необходимые для исполнения должностных обязанностей по данной категории. Служба в рядах Вооруженных Сил, наличие водительского удостоверения по категории «В, С, Д», знание правил дорожного движения и навыков вождения транспортных средств.	Специальный отряд быстрого реагирования

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09. Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ



Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен тегіндегі 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Талпырыс — 503
«Жетісу Медиа» МКК басылмаларының жалпы таралымы — 10 170, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6070. Индексі — 65469.